

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.

СЫНЫП 11 «Б» Күні _____ Оқушының аты- жөні _____

4-бөлім

Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Ыбырай Алтынсариннің «Атымтай жомарт» әңгімесі

5- бөлім.

Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі.

Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты

6- бөлім.

Ұлттық театр – өнер ордасы. Сәбит Оразбайдың «Өмірдің өзі – театр» әңгімесі.

I.

ОҚЫЛЫМ

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кемкетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді. (Ыбырай Алтынсарин)

1-2. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

А. Атымтай жомарт қандай кейіпкер?

[1]

Ә. Мәтінде көтерілген мәселе не?

[1]

3-4. Жомарт пен сараң адамның бейнесін салыстырыңдар. [2]

<i>Жомарт адам</i>	<i>Сараң адам</i>

5. Құнды пікір: Егер мен есепсіз бай болсам,...

----- *[1]*

Жазылым.

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 70-90.

[10]

1) «Тәуелсіздік – Мәңгілік ел мұраты» туралы аргументтік эссе жазыңыз. Жазба жұмысында сан есімнің мағыналық түрлерін қолданыңыз.

2) «Театр – өнер ордасы» тақырыбында эссе жазыңыз. Жазба жұмысында есімдіктердің мағыналық түрлерін, көсемшені орынды қолданыңыз.